

Әбдіжәділқызы Ж.

Тележүргізуші шеберлігіндегі сөйлеу техникасы мен сөйлеу мәдениетінің атқаратын ролі

Мақалада тележүргізуші шеберлігіндегі сөйлеу техникасы мен сөйлеу мәдениетінің атқаратын ролі ғылыми-теориялық тұрғыда қарастырылып, кәсіби қызмет аясындағы заңдылықтары мен принциптері атап көрсетіледі. Сөз өнерінің саңлақтары мен зерттеуші ғалымдардың сөйлеу техникасы мен сөйлеу мәдениетіне берген анықтамаларын тілге тиек еткен автор телевизиядағы үн қату үрдісінің сапалық көрсеткішіне ғылыми сипаттама береді.

Түйін сөздер: үн қату үрдісі, үн сазы, мағыналық бояу, динамикалық диапазон, кәсіби дауыс, логикалық және психологиялық пауза, лексикалық ремарка.

Abdijadilqizi J.

The role of the speech technique and culture of speech in the TV presenter skills

The article discusses the role of speech technology and culture speech with scientific and theoretical point of view specifies the target of their laws and principles in the framework of professional activities. Author, listing of definitions of scholars and orators of the art and culture of speech ,characterizes a qualitative indicator of the manner of speech on television.

Key words: manner of speech, speech melody, dynamic range, professional voice, logical and psychological pause, lexical remark.

Әбдіжәділқызы Ж.

Роль техники и культуры речи в творчестве телеведущего

В статье рассматривается роль и значение техники и культуры речи телеведущего с научно-теоретической точки зрения, указываются закономерности и принципы лингвистики в рамках профессиональной деятельности. Автор, перечисляя определения ученых и ораторов о технике и культуре речи, дает качественную оценку и характеристику манере речи на телевидении.

Ключевые слова: манера речи, мелодия речи, динамический диапазон, профессиональный голос, логическая и психологическая пауза, лексическая ремарка.

**ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ
ШЕБЕРЛІГІНДЕГІ
СӨЙЛЕУ ТЕХНИКАСЫ
МЕН СӨЙЛЕУ
МӘДЕНИЕТІНІҢ
АТҚАРАТЫН РОЛІ**

Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады.

Ғабит Мүсірепов

Ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы «Дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы ғой» [1] деп сөйлеу тілінің, үн ырғағының маңыздылығын зор ықыласпен дәріптеген. Әрине, сөйлеу техникасы туралы жоғарыда жалпылама сөз еттік. Соған қарамастан, сөйлеу техникасындағы негізгі қисындарға тоқталып өтудің еш артықтығы болмас. «Дауыс ырғағы – сөйлеудің мағыналық бояуы. Жүргізуші кейіпкердің көңіл күйі мен ішкі сезімін, көзқарасы мен жан дүниесін көрермен мен тыңдарманға сан алуан дауыс реңкі арқылы жеткізеді. Интонация, яғни, дауыс ырғағы деген ұғымға тіл қату қисыны, яғни, сөйлеу типі, дауыс ырғағы, үн сазы, дыбыс үйлесімділігі енеді» [2] дейді әйгілі диктор Сауық Жақанова өзінің «Сөйлеу техникасы» атты кітабында. Ал «Көркем сөз оқу шеберлігі» деген еңбектің авторы Дариға Тұранқұлова кәсіби дауыстың ғылыми анықтамасын ұсынады: «Дауыс – акустикалық өлшем» [3]. Ал дауыстың дыбысы энергияның, яғни, күш-қуатының бір түрі болып табылады. Сөйлеушінің дұрыс қойылған дауысы көрерменге дыбысталған сөздің барлық мағыналық бояуын жеткізуге мүмкіндік береді, дыбыстық ақпаратты қабылдауды жеңілдететін көңіл күй ахуалын қалыптастырады, оның толыққанды мазмұнын түсінуге жағдай жасайды. Дауыстың шығуы, яғни дауыстап сөйлеу – өте күрделі, көп әрекетті процесс. Кәсіби дауысқа тән негізгі сапалық белгілер мыналар:

1. Дауыстың динамикалық диапазоны (дыбыстың жеткілікті дәрежедегі күші).
2. Дыбыстың тасымалдануы (жеке-жеке тыңдаушыға дейін жететіндігі).
3. Дауыс ырғағындағы икемділік, шапшандылық (сөйлеушінің толыққанды мағынасында жеткізуге мүмкіндік беретін дыбыстық қарқын).
4. Дауыстың шарықтауы (оның басқа көмекші дыбыстар мен шулардың арасынан айрықша естілуі).
5. Дауыстың төзімділігі.

Дауыстағы толқу, діріл, яғни, интонация көп мағына береді. Демек, «интонация сізге рең береді, ал сөздің дұрыс

құрылуы интонацияның мүмкіндіктеріне жол ашады» /4/ Тұранқұлова Д.

Сөйлеу тілін жазба тілден ерекше етіп тұратын не? Әлбетте, интонация. Ол сөздің мағынасын кеңейтуге мүмкіндік береді. «Сөйлеу дегеніміз – көңіл көзімен суретті образ жасау» [5] деген екен К. Станиславский өзінің «Работа актера над собой» деп аталатын еңбегінде. Шындығында, сөйлеу техникасы мен дыбыс заңдылықтарын таза меңгерген, ашық дауысты қоңыр үнді шебердің мәтінді оқығанда әдемілікке, әуезділікке аса мән беретіндігі байқалады. Дыбыстың тазалығын, икемділігін, тұрақтылығын сөйлеу кезінде ескере отырып, дыбыстық, буындық қатарларын байқап, сөзге, сөз тіркестеріне қойылатын екпінге мән бере білу керек. Сөйлеген кезде дыбыстың құбылуы, қатты, орташа, немесе баяу шығуы, дыбыстың толастауы дауыс екпінінің мағынасына арнайы ерекшелеп айтатын сөзге түсінуде қосымша реңк беретін дауыс сарыны да болады. Эфирде жұмыс істейтін жүргізушілер үшін дауыс ырғақтығын қалыптастыра білудің және мәнерлеп сөйлеудің маңызы ерекше. Бұл ретте тележүргізушілер мынадай мәселелерге мән беруі керек:

1. Тележүргізушінің сөйлеген сөзінен, айту мәнерінен шындық, сенімділік және сүйіспеншілік сезіліп тұруы тиіс.

2. Дауыстың бір сарындылығы көрермендерді жалықтырып жібереді. Сондықтан да мәтінді оқығанда, немесе хабар жүргізіп, сөйлеп тұрғанда дауысты екпінді және үнді қалыпқа келтіру қажет.

3. Егер эфирдегі дәл сол сәтке айрықша тоқталып өту қажет болса, онда дауысты бәсеңдетіп, ақырын тіл қатқан жөн.

4. Өзге бір ойға өтіп, жаңа тақырыпқа көшерде немесе баяндап отырған мәселеге басқа бір қырынан келу керек болғанда, паузаны, яғни үзілісті пайдалану керек. Пауза – тележүргізушінің аса маңызды ақпаратты бастайтындығының айғағы.

5. Экраннан көрінбей кадр сыртындағы мәтінді оқып тұрғанның өзінде қолдың немесе беттің кез келген қимыл-қозғалысы, мысалы, езу тарту, қабақ шығу, т.с.с. әрекеттер көрерменге дауыс арқылы сезіліп қалатынын тележүргізуші әрдайым естен шығармауы керек.

6. Микрофон алдында сөйлеп отырғанда, әсіресе жаңалықтар желісін жүргізіп отырғанда орынсыз қозғалудың реті жоқ. Микрофон тележүргізушімен бірге қозғала алмайтын болғандықтан дауыс деңгейі өзгеріп, дауыс қатты немесе жай шығып қалуы мүмкін.

7. Эфирдегі ең басты принцип – табиғилы, жүргізушінің өзін еркін ұстауы.

Тележүргізушінің аузынан шыққан әрбір сөз анық, айқын айтылып, сөз бен дыбыстың естілуінде бұлыңғырлық болмауы тиіс. Сөз жауапкершілігін жете түсінген тележүргізуші әрбір сөзін байыппен, мағынасына мән бере, асықпай, бабына келтіре, табиғи қалыпта айтуға тырысады. Тіл дыбыстарының артикуляциясын дұрыс меңгеріп дыбыстаса, сөздегі әр дыбыс анық айтылады. Дыбыстың таза, анық айтылуы буындардың анық, ашық айтылуына, буындардан тұратын сөздердің анық, таза естілуіне жағдай жасайды. Сол арқылы тұтас мәтіннің мән-мағынасын көрермендерге түсінікті етіп жеткізуге мүмкіндік туады. Сөздің анықтығы – ойдың мөлдірлігі. Мөлдір ойдан шыққан шынайы сөз көрерменнің жан дүниесін баурап, жүрегін жаулап, ақыл-ойын тұсаулап, экраннан алшақтатпаудың бірден-бір кепілі.

Тележүргізуші шеберлігіндегі сөйлеу техникасын иіп қандырып, игерген тұста басталатын келесі бір маңызды да, құнды белес – сөйлеу мәдениетін меңгеру мәселесі. «Сөз – барлық фактінің, барлық ойлардың киімі» [6] деген екен М. Горкий. Ал шығыс даналығында сөзге мынадай анықтама берілген: «Сөз – қандай да бір ойды аңғартуы тиіс» [7]. Тележүргізушілердің көпшілігінің қателігі сонда олар ең алғаш аузына түскен, тілінің ұшына үйірілген сөзді ешбір ойланбастан айналымға қосып айтып жібереді де, сөздің қадірін кетіріп, құнын түсіріп алады. «Сөз құдіреті» деген ұғымға терең мән бермейді. Көгілдір экрандағы жүргізушінің шеберлігі – өмірдегі болып жатқан оқиғаға, құбылысқа ынта-ықыласпен беріле отырып, зор ыждахатпен, ұғынықты да тартымды әңгімелеу. Факті құндылығы, оқиға маңыздылығымен бірге тележүргізуші немесе тележурналист бейнематериалды эфирге беру формасын, телетуындыны көпшілікке жеткізу әдістерін, көрерменге әсерлілігін есепке алу – шарт. Егер сіз жаттандылықтан қашып, ұсынып отырған дүниеніздің өзіне ғана тән кілтін таба білсеңіз, онда көрермендерді елең еткізіп, бір серпілтіп тастайсыз. Сондықтан да сөйлеу мәдениетінің басты қағидасы – сөз қадірін білу, ал сөз қадірін білу үшін өмірді терең зерттеп білу, оның қыр-сырын жан-жақты талдап түсіну, әрбір айтылған сөз үшін жауапкершілікті сезіну, яғни, үнемі іздену қажет. Мұның бәрі аса күрделі әрі ауқымды іс-әрекеттер болғанымен, кәсіби шеберлікті меңгеру жолындағы ең керекті нысаналар. Сол себепті де оларды бір рет орындап, біржола тын-

дырып қоюға болмайды, әрдайым басшылыққа алып, дамытып отыру қажет. Бұл басты тақырып болғандықтан зерттеу жұмысы барысында мүмкіндігінше арнайы қарастырылып, өреміз жеткенше өзіндік қорытындылармен ой түйіп, нақты тұжырымдар жасауға тырыстық. Дегенмен, сөйлеу мәдениетін тележурналистика мектебінің негізгі тетігі ретінде қарастыра отырып, осы орайдағы көкейтесті мәселелерге тағы бір сәт назар аударуды ұйғардық. Сөйлеу мәдениетіне қатысты толғақты мәселелердің бір тармағы – тікелей эфирде жіберілетін кателіктер, тікелей эфир аясында орын алатын ақаулар. Бұл тұрасындағы негізгі ой түйіндері «Ана тілі» газетінде жарық көрген еді:

1. Тележурналистер, тележүргізушілердің бәрі дерлік бай да, шұрайлы шешен тілін жетік меңгерген, ең болмаса жақсы білетін адамдар болуы керек.

2. Оларды саясаттан да, экономикадан да, мәдениет пен өнерден де, ұлттық салт-дәстүрден де мол хабары бар, дүниетанымы кең, эрудиясы биік мамандардың арасынан таңдап, талғап алу керек.

3. Теледидар арқылы берілетін хабарларды, Батыс Еуропаның, Ресейдің, Американың ақпарат құралдары не айтса, соны тәржімалап, сол күйінде қайталап айтпай, оларды еліміздің, әсіресе, қазақ ұлтының мұқтаж-мүддесіне, менталитетіне лайықты түрде іріктеп беру жағын ойластырған дұрыс болар еді. Телеарна басшыларына білікті, ұлт тіліне, мәдениетіне, тарихына, ең бастысы, келешегіне жаны ашитын кәсіби журналистерден тағайындау керек».

Міне, сонда ғана ұлттық тележурналистикадағы тіл мәдениеті өзінің биік белесіне көтеріліп, мерейі өсіп, абыройы асқақтамақ.

Қазіргі заманғы қазақ журналистикасында зерттеуді қажет ететін мәселелер жеткілікті. Бұл саладағы деректік маңызы бар дүниелердің бәрі бірдей егжей-тегжейлі зерттеліп, жан-жақты қарастырылып болған жоқ. Солардың бірі – телеарналардағы мемлекеттік тіл саясатын жүргізу үрдістері. Мемлекеттік тіл саясаты елімізді мекен еткен барлық ұлттар мен ұлыстардың басын қосатын негізгі құндылық болу керектігін Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Халықтары ассамблеясында сөйлеген сөзінде де шегелей айтып, жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында оған айрықша назар аударатынына баршамыз – куәміз. Бұл тұжырым – БАҚ-тың мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудағы алтын қазығы болуы – тиіс. Бұл тұжырымды іске асырудың

негізгі мәнісі – мемлекеттік тіл саясатын қалың бұқараға қалай насихатталуында, әрі осы бағыттағы ақпараттардың қандай деңгейде жеткізілуінде. Шын мәнінде, мемлекеттік тілді дамыту жайы – еліміздегі БАҚ үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек. Өйткені, еліміздің тәуелсіздігінің жарияланғанына 16 жыл өтсе де, қазақ тілінің қолданыс аясы кең қанат жая алмай отыр. Бұл толғақты мәселе парламент мінберінде де, мемлекеттік органдар өткізген кеңестерде де, сондай-ақ, қоғамдық ұйымдар бас қосқан жиындарда да жиі қозғалады, сөйтіп, бұл тақырыпты БАҚ арқылы насихаттаудың тиімділігі үнемі сөз болады. Ал соның ішінде телевизияның баспасөзбен, радиомен салыстырғанда әлдеқайда пәрменді ықпал ете алатындығы ақиқат.

Тележүргізушілер жаппай тіл мәдениетін жетік меңгеріп, өз кәсіби деңгейлерінің нормасына, яғни, шартына айналдыруы үшін «өнерді үйрен де, жирен» демекші шеберлік мектебінен өтуі керек. Қазақстан телеақпарат кеңістігін әлемдік деңгейге көтереміз десек, айналамызға көз салайық. Басқаларды былай қойғанда көршілес Ресейдегі тележүргізушілер мектебінен неге үлгі алмасқа. Ресейдің тележүргізушілері тұрмақ, телерепортерлері актерлік шеберлікті арнайы меңгереді екен. Өйткені, Мәскеуде тележүргізушілерді даярлайтын арнайы институт бар. Онда журналистік және актерлік деген курстар оқытылады. Тіпті, «Әдемі қозғалыс» (Красивое движение) деген пән бар екен. Ал әдемі қозғалыс тележүргізушіге керек-ақ. Ендеше, айтылған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – тележүргізуші мектебін ашуды өзіміздің журналистика факультетінің базасында жүзеге асыру қажеттігі. Тележурналистика – мамандық қана емес, ой-өріс стилі, өмірлік позиция, адамдармен қарым-қатынас тәсілі. Демек, тележүргізуші – қалың бұқараға арнап сөз сөйлеудің ең сапалы сипатын меңгерген, жұрттың бәрімен тіл табысудың нағыз, хас шебері. Көпшілік тележүргізушіні көгілдір экрандағы толассыз оқиғаларға құрылған таңғажайып туындылардың қоюшы режиссері ретінде, дөңгеленген дүниені ақпарат арқылы алақанына салып сараптайтын саясаттанушы есебінде, әр алуан жанрлар мен бағыттардағы музыкалық шығармаларды эфирде ұршықша иіретін музыкант сипатында қабылдап, оған соншалықты қызығушылықпен, зор ыждағатпен қарайды. Сондықтан да тележүргізуші мектебіне тек тележүргізушілер мен тележурналистер

ғана емес, өз өмірін оң бағытқа бұрып, алдыңғы қатарлы озық ойлы, кез келген тақырыпта өз пікірін мәдениетті түрде білдіре алатын, дүниетаным көкжиегі кең көшбасшылармен деңгейлес сөз өнерін меңгерген, өресі биік өз заманының өркениетті өкілі болуды армандайтын азаматтардың бәрі дерлік келуге ықыласты болатыны сөзсіз. Өйткені, олар бәрінен бұрын сөйлеу мәнерін, шешендік өнерді, актерлік шеберлікті, бір сөзбен айтқанда, тіл мәдениетін меңгеруге мүдделі. Олай болса, тележүргізушілер мектебін қалыптастыру тележурналистикадағы сөйлеу мәдениетінің сапалық деңгейін ұлттық нақыштағы үздік үлгіге айналдыруға жол ашпақ. Көгілдір экран алдындағы мыңдаған көрерменнің алдына шығу – бұл тележүргізушінің жүрек тебіренісі.

Қорыта айтқанда, теледидар тілі сөйлеу

тілінің әдеби нормасын, дыбысталатын сөздің сипатын танытатын тіл мәдениетінің үздік үлгісіне айналуы тиіс. Сондықтан да жүргізуші-журналист шектеулі межесі бар эфир уақыты заңдылығына сәйкес, қалыптасқан сөздік қор, терминология, орфография, орфоэпия ережелері мен грамматикалық, фонетикалық заңдылықтарды сақтап, жанрлық-стистикалық, психолингвистикалық, жеке-дара стильдік тұрғыда тіл қатуға міндетті. Сонымен қатар, біріншіден ұлттық тіл ерекшелігін есепке алып, екіншіден, тыңдарман талғамына сай қажеттілікті қанағаттандыратын тәсілдерді ұтымды пайдаланып, үшіншіден, кәсіби этиканың негізгі принциптеріне сүйену – шарт. Сонда ғана теледидар тілі қалың жұртшылық құлақ түретін жоғары кәсіби деңгейдегі сөйлеу мәдениетінің сапалық көрсеткіші ролін атқаратын болады.

Әдебиеттер

1. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жалын, 1988. 21-б
2. Жақан С. Сөйлеу техникасы. – Алматы, 2002. – 34-35 бб.
3. Тұранқұлова Д. Сахна тілі. – Алматы: Білім, 1999. – 41-б.
4. Сонда, 54-55 бб.
5. Станиславский К. Работа актером над собой. – М., 1938. – С.18.
6. Горький М. Мои интервью. – М., 1906. – С.14.
7. Шығыс даналығы \рубаяттар\ «Эксмо», 2014. – С.114

References

1. Kudaiberdiuly Sh. Shygarmalar zhinagy. Almaty: «Zhalyn», 1988 zh. 21-b
2. Zhakan S. «Soileu tehnikasy». Almaty, 2002 zh. 34-35bb.
3. Turankulova. «Sahna tili». Almaty: 41-b.
4. Conda, 54-55 bb.
5. Stanislavskii K. «Rabota akterom nad soboi». M., 1938. – S.18
6. M.Gor'kii «Moi interv'iu, Moskva 1906. – С.14.
7. Shygys danalygy \rubayattar\» Eksmo», 2014. – С.114.